

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2256 Қаулысы

«Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес және Ауғанстан Ислам Республикасында қалыптасқан ауыр экономикалық-әлеуметтік жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2009 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 1474083,38 (бір миллион төрт жүз жетпіс төрт мың сексен үш доллар отыз сегіз цент) АҚШ долларына баламалы с о м а д а қ а р а ж а т б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін: «Account name - Kazakhstan Assistance for Afghanistan», «Bank Name - Da Afghanistan Bank, Bank Add - Pashtonistan Wat, Kabul, Afghanistan, A/C №:27320», «Swift code - A F G B A F K A » .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов